



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ

**«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ – 2017»**

студенттер мен жас ғалымдардың  
XII Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ**

XII Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
**«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ – 2017»**

**PROCEEDINGS**

of the XII International Scientific Conference  
for students and young scholars  
**«SCIENCE AND EDUCATION - 2017»**



14<sup>th</sup> April 2017, Astana



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Ғылым және білім - 2017»  
студенттер мен жас ғалымдардың  
XII Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XII Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«Наука и образование - 2017»**

**PROCEEDINGS  
of the XII International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«Science and education - 2017»**

**2017 жыл 14 сәуір**

**Астана**

**УДК 378**

**ББК 74.58**

**Ғ 96**

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2017» студенттер мен жас ғалымдардың XII Халықаралық ғылыми конференциясы = The XII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2017» = XII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2017». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2017. – 7466 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-827-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-827-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2017

есть главной угрозой для экстравертов становится потеря себя как личности. Экстравертам свойственна общительность, энергичность, хорошо развитая социальная адаптация и инициативность [6, 135]. Прямо противоположный тип, интроверты, по выражению К. Юнга, «направляет свою энергию внутрь самого себя», склонны к углубленному самоанализу, уделяют большое внимание своему внутреннему миру. Они мало поддаются внешним, социальным и психологическим воздействиям, менее уверены в себе, чем экстраверты, им тяжело приспосабливаться к обществу, к окружающим людям[6, 512].

Исходя из вышесказанного, очевидно, что одиночество только в позитивной форме может послужить на пользу человеку и его личностному развитию. Одиночество как психологическая проблема, когда человек страдает от чувства собственной бесполезности, нехватке понимающих людей рядом, является опасным для каждого. Подверженность социальному или эмоциональному одиночеству отражается на общем физическом и душевном состоянии человека, являясь почвой для возникновения расстройств психики и девиантного поведения. Также необходимо помнить, что чувство одиночества может возникнуть не только из-за внутреннего состояния человека, но и при влиянии окружающего мира. Таким образом, можно сделать вывод, что необходимо работать сразу в двух направлениях: уметь уделять время уединению, как способу постичь внутреннюю гармонию через самоанализ и самооценку, а также обществу активно работать по предотвращению и лечению от всех видов негативного одиночества.

#### **Список использованных источников**

1. Неумоева Е.В. Одиночество как психический феномен и ресурс развития личности в юношеском возрасте. Дис. ...канд. психол. наук: 19.00.07. – М.: РГБ, 2005. – 236 с.
2. Ницше Ф. По ту сторону добра и зла: Сочинения. – М.: Изд-во ЭКСМО-Пресс, 2002. – 848 с.
3. Вейс Р.С. Вопросы изучения одиночества // Лабиринты одиночества: Сб. ст. Пер. с англ. Сост., общ. Ред. И предисл. Н.Е. Покровского. – М.: Прогресс, 1989. – 470 с.
4. Стамова Р.Д. Токоева Г.С. Экзистенция человека в условиях глобализации // Вестник КазНУ. Серия философия. Серия культурология. Серия политология. – 2015. – №2(51). – С. 371-378.
5. Цой Н.А. Феномен Интернет-зависимости и одиночество // СОЦИС. – 2011. – №12. – С. 98-107.
6. Еникеев М.И. Психологический энциклопедический словарь. – М.: Проспект, 2006. – 560 с.

ӘОЖ 2-6

### **АБАЙ ЗАМАНЫНДАҒЫ ЕР-АЗАМАТ БЕЙНЕСІНІҢ ЖАСТАР ТӘРБИЕСІНДЕГІ ӨЗЕКТІЛІГІ**

**Әділғазы Фархат**

[abilgazy2014@mail.ru](mailto:abilgazy2014@mail.ru)

Л.Н Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, дінтану мамандығының

2 курс студенті, Астана қ., Қазақстан

Ғылыми жетекші - Т.В.Мустафина

Қасиетті де қастерлі қазақ даласында дүниеге келіп, нар жүгі мен ар жүгін қатар көтерген аталарымыз бен ағаларымыз аз емес. Олардың кейбірін танысақ, енді бірін танымаймыз. Бүгінгі қоғамымыздың өзекті мәселесінің бірі жас буынның бөтен бір бейнелерге, қазақи мәдениетпен үш қайнаса, сорпасы қосылмайтын образдарға еліктеп, төл тарихы мен төл мәдениетін танымауы. Мүмкін, сол тансық болудан, замануы жастардың өз рухани болмысынан жатырқап, оны менсінбеушілік те орын алады?

Тарихқа көз салып қарасақ, алысқа кетпей-ақ, Абай заманындағы Оспан мен Базаралының тұлғалық келбеті қандай еді? Көзбен көрмесек те, атамыздан естіп, кітаптан оқығанымыз бар. Сол білгенді зерделеп көрейік.

Бұл тұлғалардың бейнесін жете түсіну бүгінгі таңда жастар тәрбиесіне қосар үлесі зор екені анық. Қазіргі кезде майдаланып кеткен қазақ жігітіне осы тұлғалардан үлгі алу керек деген ойдамыз. Бүгінгі ұрпаққа үлгі боларлық осындай ағаларымызды дәріптеп, жастарға таныстыру - біздің мойынымызға жүктелген аманат екенін ұмытпағанымыз жөн. Таныта ғана қоймай, олардан үлгі ретінде алатын істерін, ағын ақ, қарасын қара етіп ажыратып беру тағы да біздің еншімізде.

Халық арасында кең тараған «Абай жолын оқымаған қазақ, қазақ емес» деген бір жақсы сөз бар ғой. Оны оқығанда, жай ғана оқып өте салмай, әр кейіпкерге назар салып, көңіл бөліп оқысақ, әр кейіпкерден аларымыз зор. Бұл жұмыста «Абай жолы» романындағы Оспан мен Базаралының тұлғалық бейнелеріне жете тоқталып, шығарманың өзінен келтірілген сипаттар мен белгілерді қолдану, оқырманның назарын соған бұрып, оның тәжірибеге қоланысын бағамдауға деген қадам жүзеге асырылып отыр.

Талдауға бел буып отырған кейіпкерлеріміздің бірі Оспан.

Оспан (1852-1891 жж.) - Құнанбайдың Ұлжаннан туған баласы. Абайдың өзіне тетелес інісі болған. Оспан ауыл молдасынан хат танып, сауатын ашқан азамат. Есейген кезінде Зейнеп, Торымбала, Еркежан деген әйелдері болған. Өзінен бала болмай, Оспан Абайдың Әубәкір, Бәкізат деген ұлы мен қызын тәрбиелеп өсірген. Оспан ақ пейіл де жомарт, ісіне тыңғылықты, дұшпанына мейірімсіз, досына құшағы ашық, алған бетінен қайтпайтын қайсар, балуан тұлғалы, батыр мінезді кісі болған екен. Оны Абайдың мына өлеңінен аңғарамыз:

Жауға мылтық,  
Досқа ынтық,  
Жан асар ма осыдан?  
Қорықпай өтті,  
Жанға жетті

Арман етті досынан.[2].

Сондай-ақ, М.Әуезовтың «Абай жолы» романындағы мына үзінділерден де, Оспанның қандай екенін тағы байқауға болады. Мысалы, «Оспан жығылып, қорқудың орынына, құшырланып сабай береді де, езу тартып күліп қояды». Келесіде «Абай Оспанды аяп «Мерт бола ма?» - деп қорықты.

Жалғыз-ақ Оспанның пішініне көзі түскенде қайран болды. Баланың үлкен көздері от шашып, өрттей жанып алыпты. Асаумен арпалысты жаны сүйгендей. Қорқыныштан биттей елес жоқ». [1, 310 б.]

Бұл келтірімдерден нені аңғаруға болады? Жеті-сегіз жасар баланың мұндай қылығын, әрине, ерлік, қайсарлық десек болады. Қазір жеті жасар тұрмақ, жиырма жасар азамат ауылдың қымызын ішіп, етін жемеген қала баласы, атқа мінбек тұрмақ, маңына жақындаудан қорқады.

«Абай жолын» оқып отырып, Оспанның дәл осындай қылығынан, әрбір қазақ жігіті ғұмырына жетерлік жігер алуға болады деп ойлаймыз. Бір өкінішті жағдай, осындай нар тұлғадан ұрпақ қалмауы.

«Абай жолы» романындағы М.Әуезовпен сомдалған, бізді толғандырған келеі образ базаралының бейнесі.

Базаралы Қауменұлы (1833-1887жж.) бейнесіне келетін болсақ, ол Тобықты ішіндегі жігітек руынан шыққан. Абай оны билеуші топтан жапа шеккен халықтың мұңын мұңдап, жоғын жоқтап, ешкімнің ызғарынан ықпай, қарсы тұрған өжеттігі, ер мінезі үшін құрмет тұтқан.

Базаралы айдаудан қайтқанда, амандасуға барған бір топ кісінің ішінде Көкбай ақын да болған. Сөз реті келгенде Көкбай:

«Алашқа абыройың әлі дардай,

Келбетің қырық пұт тартқан қара нардай.

Сипаттап бұдан дағы айтар едім,

Тұрмын ғой жарияға жарай алмай», - дейді. [2].

Сонда Базаралы «Айтайын десе, Абайдан, айтпайын десе, менен именіп тұр екен. Сенің осың бәрінен артық болды», - деп, ризашылығын білдіреді. Бұдан Абайдың Базаралы бойындағы кейбір қасиеттерін ұнатпайтыны, сондықтан да Көкбай ақынның Базаралыны бастан-аяқ түгелдей мақтауға жүрегі дауалай алмай тұрғаны көрінеді.

Базакенді барымташы деп жақтырмайтындар да болды. Иа, бірақ барымтаны ұрлық деп қана қоймай, барымтаны батырлық бір белгісі деп есептелгені де орын алған дала заңында. «Өзіне біткен азаматтық, зор көріктік бойынша Базаралы жоқ жітік жайын көпшілікке айтпайтын». [1, 112 б.].

«Базаралының нұрлы жүзіне, жолбарыстай келбетті тұлғасына» Абай ішінен: «Шіркін, Базаралы оқыған болса, бір Тобықты емес, бар қазақтың осындай мұң-мұқтажына алтын бергек, асыл діңгек болар еді-ау!» – деп ойлайды». [1, 119 б.].

Сондай-ақ, «Екі атшабарды Базаралы бір өзі, жағаларынан алып, екі қолымен жалғыз-ақ жұлғанда, бірден табанының астына салыпты». [1, 120 б.].

Байқауымызға сәйкес, Базаралы «Абай жолындағы» бас кейіпкер болмаса да, өзін жеке тұлға ретінде таныта білген ер. Қолынан келгенше қара халық жайын, ел қамын бір адамдай ойлай жүрген нар тұлға. Айдауда болса да, сағы сынбай, келгеннен кейін де ел ісіне араласып, жағдайы жоқ, жоқ жітікке қолынан келгенше көмегін аямай өз басын қатерге тігіп, байлардың малын барымта жасап, өзіне біреуін де алмай, жоқ жітікке таратып берген екен.

Бұл тұста ойландыратын бір жайт келесіде: адам туралы азын-аулақ білетін ақпараттан, бір көргеннен тұжырым жасау қиын-ақ. Демек, кей кезде азаматтық борыш түрлі қисынға келе бермейтін әрекеттермен де жүзеге асырылып отырады. Яғни, ниет дегенге назар аударып, әуелі ер-азамат дегеннің бойындағы еліне, жеріне деген махаббаты мен адалдығы құнды болмақ.

Тоқсан ауыз сөздің, тобықтай түйінін айтатын болсақ: бұл нар тұлғалы аталарымыз, біздің заманымыздағы білім мектебін көрмесе де, өмір, дала мектебінің тәжірбиесінен өткен. Бұл кісілер нағыз «малым жанымның садағасы, жаным арымның садағасы» деп өткен алмас намыс қаны бұзылмаған қазақ еді. Ал, қазір құлқыны құдық қазаққа айналып барады.

Орыс патша кезінің өзінде ойын тура жеткізіп, айтарын ортаға салған. Бүгін біздің қоғамымыз жиырма бес жылдам астам өзін егеменді ел ретінде орнықтырып келеді. Бәлкім, жылдар бойы отаршылдық саясат дегеніне жетіп, кейін Кеңес одағының диктатурасы сана еркіндігіне тосқауыл қойғаны да ғажап емес. Бүгін біз ойымызды қаншалықты ашық түрде ортаға сала аламыз? Жалпы, алғанда, қандай дәрежеде біз ниеттеріміз бен пиғылдарымызды замандастарымызға жеткізудеміз? Тәуелсіз болсақ та, ойлаған ойды айта алмай әлі жүрміз.

Неге? Мүмкін себебі бүгінгі жастардың өзін-ақ шығар? Өз ойын толық жеткізе алмайтын ұрпақтар өсіп келеді, сол ұрпақты өткенін айтып қана оятуға болады деп ойлаймын. Қалай дегенге келсек, бізге рухани тұрғыда үлгі боларлық «ұстаз» қажет. Нар тұлғалардың бейнесі білім беру, тәрбие беру, ел қажеттілігіне қызмет жасау, Отан алдындағы борышты өтеу жолында нақты бағдар әрі үлгі бола алады. Негізінен, тұлға дегенде біз тереңнен қарауға үйренгеніміз де жөн болар. Атап, айтқанда, «Абай жолы» сол тұлғалық бейнелердің энциклопедиясы десек қателеспейміз. Мысалы, бұл жазғанымызда біз өзімізді қызықтырып, толғандыратын Оспан мен Базаралының бейнелеріне кішігірім ғана назар аудардық. Өлбетте, бұл ерлердің бейнесін толыққанды ашу үшін бірнеше мақала, бірнеше ғылыми зерттеу жұмыстары жазылса да артық етпейді.

Бұл тақырыпты қозғаған себебіміз, өскелең ұрпақ өз аталарының қандай болғанын білгені абзал. Шашын құс құйрығына ұқсатып бояп, құлағына шуруптан сырға таққандарға еліктеп емес, осы аталарынан титтей де болса мінез алса деген ниет бар. Өкініштісі, бүгін біздің қоғамымыздың жастарында елге деген адал сезім бір бұлыңғыр дүние. Жете білім алған көптеген өзіміздің замандастарымыз, жас буын шетелдік «батырларға» еліктеп, руы мен тегін ұмытуда. Төл тарихымызды білмейтін, білсе де жан-тәнімен еліне бауыры

езілмейтін бүгін қоғамымызда бей-жай «саяхатшылар» кездеседі. Жаксы әрекет, азаматтық ерлік жасаймын деген адамға төл тарихымызда мотивация берерлік талай образдар бар. Еліктеймін десе, өскелең ұрпаққа тәлім-тәрбие, сабақ беретін ата-бабаларымыздың өмір тәжірибесі тағы бар.

Замануи қоғамымыздың дөп басып атайтын өткір мәселесінің бірі – қоғамымыздағы алауыздықтарға деген бейімділік. Бірімізді-біріміз көре алмай, анаған бір електеп, мынаған бір електеп, жік-жікке, топ-топқа бөлінеміз де отырамыз. Тәуелсіздік алған жылдар түсінікті, ол кезде кешегі форматтан жаңа форматқа аяқ басқан кезде қоғам алдында, мемлекет алдында көптеген мәселелер болды. Олардың біразы күні бүгін шешімін тауып отыр. Енді бүгінгі жас азаматтар үшін ертең елінің болашағын ары қарай көркейтп, кемелдендіру жолында жан-жаққа еліктей бермей, төл мәдениеттің құндылықтарын бойға терең сіндіріп алған жақсы тәжірибе болмақ.

Жоғарыда «ұстаз керек» дегенді айттық. Бұл дегеніміз бүгінгі жас азаматқа «олай істе», «былай істе» деген сырттан келетін үкімдер емес, қазақи мәдени мұраны игере отырып, ата-бабаларымыздың үлгі боларлықтай әрекет пен қылықтарына назар аудару. Оларды, әрине, түпнұскасында замануи өмірге жарату қисынсыз. Демек, бізге ол бейнелерді жете түсініп, бүгінгі заман өлшемдерінде қалай жүзеге асыруға болатынына ойлану, ойланып барып, жүзеге асыру.

Қазақ айтады «ел боламын десең бесігіңді түзе» деп. Аға буын айта-айта аузы талды, ендігі кезекте болашақ тізгінін ұстайтын біз, сол себепті де болашақ бесік тербетер қарындас, шаңырақ көтерер бауырларымызға ақыл боларлық жолды осы кісілерден аларымыз хақ.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі**

1. М.Әуезов «Абай жолы» эпопеясы, 1-4 кітап // [adebietportal.kz](http://adebietportal.kz) // [электронды ресурс]
2. Абай әлемі энциклопедиясы // [abaialemi.kz](http://abaialemi.kz) // [электронды ресурс]

ОӘЖ: 254.4

### **ӘЛЕМДІК ДІНДЕР АРАСЫНДАҒЫ МИФОЛОГИЯ**

**Демесбай Талғат Маратұлы**

[Demesbaev2@mail.ru](mailto:Demesbaev2@mail.ru)

Нұр Мұбарак Египет Ислам Мәдениеті Университеті Исламтану мамандығы

2 курс студенті, Алматы, Қазақстан

Ғылыми жетекші - Бөрібай Э.С.

Мифология – адамзаттың рухани мәдениетінің ең көне формасы. «Миф» сөзінің шығу тегі көне гректің *mythos* - әңгіме, әңгімелесу, аңыз деген ұғымынан тараған. Мифтің латынша аналогы *fabulla*-әңгімелеу, мысал мағынасына саяды.

Қоғам дамуының бастапқы сатыларында қоғамдық сананың формасы мифтер барлық адамзатта болды десек те қателеспейміз. Мифологияда сыртқы дүние мен адам, ой мен сезім, зат пен идея, объективтік және субъективтік дүниелер арасында айқын шекара болмады. Ол шекаралар кейіннен пайда болған. Алғашқы қауымдық қоғамдағы адамдардың тіршілік тәжірибесінің қызметтері мифология негізіндегі дүниені тануға, оны өзгертуге ықпал етті [1].

Миф – нақты бір тарихи уақытқа, географиялық кеңістікте, саяси, әлеуметтік, мәдени, шаруашылық жағдайында тіршілік етіп жатқан адамзат қоғамының өзі өмір сүріп отырған орта туралы, ғалам туралы, оның қалай пайда болғандығы, адамға ықпал ететін сыртқы күштер туралы, өз қоғамының ғаламдағы орны, дәрежесі туралы түсініктерінің жиынтығы, дәлірек айтқанда – «түсіндім» деген стереотипі [2].

Дж. Вико алғашқы болып миф философиясын ұсынды. Ол миф қиял ойыны ретінде қалыптасады деп санады. XIX ғасырдың ортасынан бастап миф этнографиялық материал